

**Қазығұрт аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 тамыздағы № 19/139-V " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 ақпандағы № 28/185-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 наурызда № 2566 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2016 жылғы 8 шілдедегі № 6/32-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 08.07.2016 № 6/32-VI шешімімен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасында қаржы нарығының тұрақсыздануына байланысты аз қамтылған отбасыларын әлеуметтік тұрғыда қолдау мақсатында 2014 жылы қосымша материалдық көмек көрсету үшін, Қазығұрт аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазығұрт аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 тамыздағы № 19/139-V " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2375 тіркелген, 2013 жылғы 20 қыркүйектегі "Қазығұрт тынысы" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

мынадай мазмұндағы 9-1 тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Халықтың аз қамтылған отбасыларды қолдау мақсатында, Ұлттық валюта курсының төмендеуі орын алған айдан бастап үш ай мерзімге отбасыға ай

сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету.  
Әлеуметтік көмек өтініш берген айдан бастап үш айға тағайындалады және ай сайын төленеді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Мәслихат хатшысы*

*С.Батырбай*

*М.Момынов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК